

**«Елбасымен бірге – жарқын болашаққа»  
акция**

Өткізілген күні: 30.11.2016  
Қатысқандар саны: 250

*Қазақ биімен ашылады.*

**Жүргізуші:**

Қайырлы күн акцияға қатысушылар!

1 – желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күні, бүкіл халықтық мереке. Өздеріңізді осы айтулы мерекемен құттықтаймын. Құттықтай отырып Тұңғыш Президент күніне арналған «Елі сүйген, елін сүйген елбасы» тақырыбында өткізгелі отырған 8 «а», «б» сынып оқушыларының дайындаған портреттік кешін бастауға рұқсат етіңіздер! Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі қарсаңында, нақтырақ айтсақ, 2011 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Парламентінің Сенаты «1 – желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мемлекеттік мерекеесін бекіткен Заңын қабылдағаны баршамызға мәлім. Бұл еліміздің жаңа тарихындағы ерекше күн.

Бүгінгі Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасымен бірге – жарқын болашаққа» атты акциямызға қош келдіңіздер!

*Мемлекеттік Гимн орындалады.*

**Жүргізуші:**

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев,  
Халқымыздың сеніп алған таңдауы.  
Асқақ болып еліміздің жалауы,  
Мәңгі жансын тәуелсіздік алауы.

Еңбек, достық, бейбітшілік, береке, Қазақстан Республикасының қалауы. Назарбаев тек мықты Президент қана емес, ол сонымен қатар дана тұлға және ұлағатты ұстаз.

Қазақстан – бақытты ел, Президенті танымды, халқы қарымды, досы көп ел екенін де мақтан тұтамыз. Ел тарихын тұлғалар жасайды. Тұлға – елдің тұғыры, Тұлға – елдің тұтқасы. Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осындай тұлға!

**Алғашқы құттықтау сөз Гимназия президенті 10 сынып білім алушысы  
Сайлаубай Әдеміге беріледі.**

*«Қазақ елі» орындайтын: Серік Гүлім*

**Жүргізуші:** Біздің Елбасымыз – білімділігімен, парасатты саясатымен, тәжірибесімен бүкіл адамзатты болашаққа бейбіт жолмен жетуге шақырған үлкен тұлға.

Президент-біз үшін ұлы тұлға. Біз Елбасымен мақтана аламыз. Мақтай да аламыз. Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болып, қазақ елі ертегідей күн кешіп, татулық пен тұрақтылықты ту етіп келеді «Ел тарихын тұлғалар жасайды. Тұлға — елдің тұғыры, Тұлға — елдің тұтқасы. Біздің Президентіміз Н. Ә. Назарбаев – осындай тұлға.»

**«Елбасыға арнау» оқитын: Болатбекова Алина**

**Ән: «Менің өлкем» орындайтындар: Асем мен Амина**

**Жүргізуші:** Елбасымыз үнемі жастарға сенім артады. Бұл – тектен тек емес. Өйткені, қазіргі жастарымыз - ертеңгі болашақтың іргетасы. Кемел келешектің иелері. Сондықтан бүгінгі жастар жан-жақты, сауатты, екі-үш тілді білетін, көзқарасы дамыған, жан-жағымен жұмыс істей алатын бес аспап маман болулары тиіс. Тәуелсіз мемлекетті Нұрсұлтандай ЕЛБАСЫМЫЗ басқарып отырғанына біз қуаныштымыз. Қазақстанның болашағы-білімді жастармен,-дейді Елбасымыз. Сондықтан да балалар біздің алдымызда тек қана бір ғана талап, міндет ол білім алу. Білімді болсақ қана біз өз жолымыздан ешқашан адаспаймыз, тура жүріп, түзу өмір сүреміз деп білемін.

**Ән «Туған жер» орындайтын: Уалиева Диляра**

**Жүргізуші:**

Құрметті акцияға қатысушылар!

Бүгінгі «Елбасымен бірге – жарқын болашаққа» атты акциямыз аяқталды. **Тұңғыш Президент күні құтты болсын!**

